

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2021 ж. 30 қыркүйек

№: AIFC-C/CFI/2021/0007 ic

«ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ А.Ш.» АҚ

Талап қоюшы

және

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Соттың Судьясы:

Судья Сэр Джек Битсон

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2021 жылғы 23 қыркүйекте берілген талап арызға сәйкес, Талап қоюшы осы Соттан Қазақстанның Халықаралық Төрелік Орталығының Төрағасы Барбара Доманн QC ханым 2021 ж. 28 маусымдағы хатпен № 3/2021 ХТО Ісі бойынша тағайындаған дара төреші д-р Илья Рачков шығарған 2021 жылғы 2 қыркүйектегі Төрелік шешімнің 4-тармағында жазылған шараларды орындау туралы Бұйрық шығаруды сұрайды.
2. Шешімді оқып шығып, мен бұл арыз негізделген деген шешімге келдім. Тиісінше, мен бұйырамын:

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті Дженгиз Иншаат Санайи ве Тиджарет А.Ш. компаниясына:

- (1) Келісімшарт бойынша 281 325 891,89 теңге мөлшеріндегі негізгі борышты;
- (2) Келісімшарт бойынша 177 960 376 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын; сонымен қатар
- (3) 20 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі төрелік іс қарау шығыстарын;

дүйсенбі, 2021 жылғы 18 қазанда, Нұр-Сұлтан уақытымен 18:00-ден кешіктірмей төлеуі тиіс, бұл осы Шешім мен Бұйрық шығарылған күннен бастап 18 күн құрайды.

3. Жауапкерге осы Бұйрық табысталған сәттен бастап 14 күн ішінде осы Бұйрықты жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.

Сот қабылдады,

Өкілдік ету:

Талап қоюшының өкілі Енсибаев Данияз Муратович мырза болды, Law Lab

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.